

Необходимые приспособления: стул.

Описание игры: дети выбирают ведущего, а затем, представляя, что они — взрослые люди, по очереди становятся на стульчик и отвечают на вопросы, которые им будет задавать ведущий. Ведущий просит ребенка представиться по имени-отчеству, рассказать о том, где и кем он работает, есть ли у него дети, какие имеет увлечения и т. д.

Комментарий: на первых этапах игры дети часто затрудняются подборе вопросов. В этом случае взрослый роль ведущего берет на себя, предлагая детям образец диалога. Вопросы могут касаться чего угодно, но необходимо помнить, что разговор должен быть «взрослым».

Эта игра помогает познакомиться с детьми, которые только что пришли в группу, а также вовлечь в общение стеснительных детей. Если же дети еще совсем плохо знакомы, правило можно немного изменить: ребенок, поймавший мяч, называет имя предыдущего игрока, затем свое, а далее (если знает) имя ребенка, которому будет кидать мяч.

Давай поговорим

Цель: развитие коммуникативных навыков.

Количество играющих: 2 или больше человек.

Описание игры: играют взрослый и ребенок (или дети). Взрослый начинает игру словами: «Давай поговорим. Я бы хотел стать ... (волшебником, волком, маленьким). Как ты думаешь, почему?». Ребенок высказывает предположение и завязывается беседа. В конце можно спросить, кем бы хотел стать ребенок, но нельзя давать оценок его желанию и нельзя настаивать на ответе, если он не хочет по каким-либо причинам признаться.

Комментарий: эта игра полезна для замкнутых и застенчивых, так как в игровой форме учит ребенка не бояться общения, ставит в ситуацию необходимости вступления в контакт.

На начальных этапах дети могут отказываться задавать вопросы или вступать в игру. Тогда инициативу на себя должен взять взрослый. В игре взрослый должен находиться на одном уровне с ребенком, а в случае трудностей — ниже него.

Список литературы:

1. Психология детей с задержкой психического развития / сост. О.В. Заширинская. – СПб., 2004. – С.165 – 293.
2. Репина Т.А. Социально-психологическая характеристика группы детского сада. - М.: Педагогика, 1988. – 71 с.
3. Степина О.С. Коммуникативные умения младших школьников с задержкой психического развития.
4. Толкачева Е.А. Игры на развитие коммуникативных способностей детей.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛЫРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бейсембаева Ж.А Күржікен А.К. Сулейменова Т.С., бастауыш сынып мұғалімдері
«№54 ЖББОМ» КММ
Қарағанды қаласы

Бала тәрбиесі баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол-болашақ тәрбиесі.

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген азаматтың қас жауы, тәрбиесіз берілген азаматқа апат әкеледі деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол.

Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір бірімен қарым-қатынасын, көңіл күй ерекшеліктері, жүріс тұрысы, еңбек әрекеті бәрі де балаға үлгі өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда балабақша мен мектептің орны ерекше.

Себебі, бала өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Балалардың тілін ширатып, көркем сөз өнерін сүйе білуге баулып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мысалы: ана тілі сабағында «Мамандықтар» тақырыбында оқушылар үлкендердің көмегімен мақал-мәтел жинастырып жаттап келу тапсырылды. Сабақ үстінде осы мақал-мәтелдердің мазмұны ашылып, оқушылар өз

түсініктерін әңгімелеп берді. Соның нәтижесінде оқушылардың қызығушылық қабілеттері артты. Ата- бабамыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірбиесін, мәдениетін жас өспірімдер бойына саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқы, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиесіне байланысты.

Білім беру мекемелерінде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Баланы ойдағыдай зерттеудің міндетті шарты алдына айқын мақсат қою болып табылады. Егер мұғалім бала дамуын жан-жақты білгісі келсе, онда бәрін бірдей емес, бір бірлеп зерттеген дұрыс. Мәселен, алдымен баланың немен әуестенетінін, содан соң оның басқа балалармен қарым қатынасының ерекшеліктерін, кейінірек оның зейінінің, ойлауының және т.б даму дәрежесін зерттеуге болады. Мұғалім әр баланы зерттей отырып, оларға сапалы да саналы білім беруге ықпал жасайды. Бала мектепте оқу үшін жалпы және арнайы дайындықтан өтеді. Жалпы дайындық баланың дене және психикалық дамуына қарай анықталады.

Арнайы дайындық баланың ақыл ойына салмақ түсіретін пәндердің негізі болып табылатын білімді, ұғымды, іскерлікті игереді. Оқыту мен білім беру мәселелерін дидактика қарастырады. Дидактикалық құралдар –оқу міндеттеріне сай арнайы жасалған заттар. Оған көрнекі құралдар да, дидактикалық материалдар да кіреді.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді атам қазақ. Болашақтың іргетасы саналатын бала әуелі отбасында, содан кейін мектепке дейін мекемелерде, одан мектепке қалыптасатыны баршамызға белгілі. Осы кезеңде балдырғандардың негізгі іс әрекеті ойын болып табылады. Ойын жай ермек қана емес, сәбилердің рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Бала денесінің дамуы мен ой дүниесінің даму өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді, әрі өте байланысты. Балаға тән бір қасиет бәрін өзін істеймін деп талпынады.

Балалардың осы талпынысын қоштап, көмектесіп, сенім білдіріп отыру тәрбиенің ең басты бір ұтымды әдісі. Өйткені ересек адамдардың баладан айырмашылығы сана сезімі мен тәжірбиесінің молдығында ғана. Сондықтан да өз білгенін балаға үйретуден жалықпау ересек адамдардың қасиетті борышы.

Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтанда оның мәнісі ерекше. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін үздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданады.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Атақты педагогтар В.А. Сухамлинский, Н.К.Крупская, К.Д. Ушинский ойынның балалардың ой өрісін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруға практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен.

Бастауыш сыныпта сабақ үрдісінде ойын технологиясының элементтерін пайдалану білім сапасын, логикалық ойлау қабілеттерін арттырудың тиімді жолдарының бірі. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді.

«Еліміздің ертені білімді ұрпақ қолында» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады.

Біз өз іс тәжірбиемізде сабақта ойынның түрлерін (дидактикалық, шығармашылық, қимылды, сюжетті, т.б.) қолдана отырып, білім сапасының өсуі өз нәтижесін беретіндігін бақылай бастадық. Ойын элементтерін қолданудағы біздің мақсатымыз: жалпыға бірдей білім стандартын ала отырып, әр оқушыны объективті түрде дайындау, нақты білім беру. Терең ойлау, өздігінен ізденіп, оқып білу іс әрекеттерін меңгерту. Жан жақты дамыған, білімді, жеке тұлға қалыптастыру.

Ойынды сабақ үрдісінде пайдалану өткен сабақты пысықтауда, білімді тиянақтауда, жаңа сабақта, қорытынды бөлімде оқушылардың көріп, ойнау арқылы есте сақтауы, кемшіліктерін жоюға ұмтылуы, логикалық ойлауы, шығармашылық т.б. қабілеттерінің дамуына, артуына үлесі орасан зор.

Ал адам бойындағы әдептілік, инабаттылық қасиеттер бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес. Бала ойын арқылы дүниені танып, түсінігі арқылы қабылдап, ересектерге еліктей жүріп үйренеді, өз бойына қабылдайды.

Әдебиеттер:

1. Бала тәрбиесі 2007жыл, № 4,5.
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. №7.2012ж.
3. М.Жумабаев, «Педагогика» 1992ж.